

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ –ДАНАЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ, ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

Әметхан Шарафат Маратқызы

Тараз қ., М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің студенті

Жеке адамды дамытудың басты бағыты – жаңа адамгершілік құндылықтарды орнықтыру екендігі белгілі. Мұндай ауқымы кең міндетті шешуде көркем шығармалардың алтын орны ерекше. Көркем туынды да халықтың тарихи жүріп өткен жолдары, өмір белестері, елдік – ерлік дәстүрлері, тұрмыс – салты, психологиясы жинақталған, табиғаты кескінделген, адамгершілік ұғым, түсінігі көрініс табады. Осындай талғамы биік оқушы жүрегіне жол табатын шығармалар қатарына Абай туындылары жатады. Сондықтан да ұлттық мәдениетіміздің дамуына зор үлесін қосқан ұлы дала ақыны, даналықтың үлгісі, ұлт мақтанышы, ағартушы Абай Құнанбаевтың педагогикалық мұрасын зерделеу ешуақытта маңыздылығын жоймайды.

Осы орайда, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс» – деген қанатты сөзіне ерекше назар аударғанымыз жөн. Ал, бүкіл саналы ғұмырының басым бөлігін Абайға арнаған данышпан Мұхтар Әуезовтің «Даналықты издесең, Абайды оқы, ерінбе» деген өсиеті әлі күнге дейін өз мәнін жойған жоқ. Демек «білім нәрімен сусындағың келсе, Абайды оқы, жас ұрпақ!» деген ұран бүгінде жастарымызға өте қажет – ақ [1;16].

Бүгінде ғұлама, философ Абай туындылары ХХІ ғасырда да өзіндік құндылығымен ерекшеленуде. Оған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы дәлел бола алады. Хакім Абайдың сыни көзқарастары бүгінгі таңда да өзінің өзектілігімен ерекшеленеді. Президент: «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Оның қоғамдағы түрлі үдерістерге қатысты көзқарасы бүгінгі Қазақстан үшін аса пайдалы. Өз заманының ғана емес, қазіргі қоғамның да бейнесін танытқан Абай – елдік мұраттың айнымас темірқазығы. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз», – деп бекер айтып отырған жоқ [2;16].

Білім мен ғылым мәңгілік құбылыс, ол өзгермейді, дамиды біз оған ілесуіміз керек. Сондықтан ХХІ ғасырдың болашақ ұрпақтары, жастары Абайдың ғибраттарға толы асыл сөздерінен сабақ алғандары абзал. Шындықты издесе Абайдың шығармаларын оқығандары жөн.

Ақын халқым, қазағым түзелсе, алдыңғы қатарлы білімі мен ғылымы дамыған, бірлігі мен татулығы жарасқан ел болса деп армандаған. Сол мақсатта өзінің өшпес өлеңдері мен қара сөздерін кейінгі ұрпақтары оқып, ғибрат алсын деп кеткен. Хакімнің өлеңдерінің философиялық мән-мағынасы өте терең, сондықтан Абайдың айтып кеткен қара сөздері мен шығармаларына, өлеңдерінің әрбір сөзінің астарына мән беріп қарамаса болмайды.

Абай тарихқа ең алдымен кемеңгер ойшыл ақын, ағартушы ретінде енді. Ақын өлеңдері мен қара сөздерінің тәрбиелік-тәлімдік мәні зор, идеялық деңгейі жоғары болып келеді. Абай жастарды өнер-білім алуға шақырды, өмірде өз орныңды тап, пайдалы әрекет жаса, дейді. «Сен де – бір кірпіш дүниеге, тетігін тап та, бар қалан!» деген сөздер соның айғағы. Қазақ елінде ойын-сауыққа көп әуестеніп, бір үйден бір үйге, бір ауылдан бір ауылға селтендеп, қыдырып жүретін келеңсіз әдеттің барын ашына ескертіп, одан аулақ болуды арман етті.

«Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық,

Аздырар адам баласын», – деп жағымсыз қасиеттерден жастарды жирендіреді [3;126].

Абай білімді, ақылды, қайратты жастың жүрегінде ізгі қасиеттер тапшы болып жатса, ол өзінің қайраты мен білімі арқылы қоғамға қауіп төндіретіндігін жақсы ұғады. Абай сомдаған «толық адам» немесе жүрек тәрбиесі туралы ой қозғауы – қазақ халқының ертеден келе жатқан ұлттық тәрбие ойларын, халық даналығынан бастау алған.

Халық мұрасының қыр – сырын жақсы білген Абай – өзінің шығармаларында халықтың мақал – мәтелдерін, нақыл сөздерін, салт–дәстүрлерін орынды пайдалана отырып, адам бойындағы надандық пен зұлымдыққа, жалқаулық пен менмендікке қарсы шыға білді.

Ағартушы – данышпан Абай шығармаларының құндылығы – халық қазынасының озығын ақылды да, әдепті, жан–жақты жетілген, адамгершілігі мол азамат тәрбиелеуде таптырмас тәрбие құралы екендігі дәлелденіп отыр.

Халықта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Қазіргі өркениетке қадам басқан бүгінгі таңда адамгершілігі мол, саналы да салауатты ұрпақ тәрбиелеуде Абай шығармаларының берері мол.

«...Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек», –деп адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, жалқаулық, күншілдік, көрсеқызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді еске сақтау, көргеннен үлгі – өнеге алу, жаман әдет дағдылардан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңгізу, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді қастерлейді.

Жастардың белгілі бір өнер үйреніп, пайдалы іспен шұғылдануын, адал еңбекпен мал табуын уағыздаған ұлы ақын оларға:

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң, әрқашан.

Сен де бір кірпіш дүниеге

Кетігін тап та бар қалаң,- өмірден өз орныңды таба біл, қоғамның пайдалы азаматы бол деп өсиет айтады [3;136].

Ұлы ойшыл Абай адамның өсіп, жетілуіндегі тәрбиенің рөліне ерекше тоқтала келе, 19 – қара сөзінде «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді.» – деп ақыл естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетінің ғылыми тұрғыдан дәлелдеп береді[4;436].

Абай мұраларының құндылығы сол – ол бала психологиясын терең меңгергендігін, адамгершілігін яғни бала оқуға өз еркімен емес, оқудың пайдасын түсінген кезде ғана құштарлығы, қызығушылығы артатынын да баса атап өткендігінде. «Ғылым–білімді әуел бастан бала өзі ізденіп таппайды, басында зорлықпенен, яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша, қашан бір бала ғылым–білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты – адам... Үміт қылмаққа болады», дейді. Егер ғылым мен білімді дәулет деп білсек, оны жастықтың жалындаған шағында игеру тиянақты да нәтижелі болмақ іс екенін даналықпен көре білген Абай ойшылдығында шек бар ма? [4;516].

Дер кезінде берілген білім адамның ізденуі мен ұмтылуын /тіл/ демеп, ғылым жолына тереңдей бойлап, өз үлесін өмірден ерте таңдауына жол ашатынын, мұндайда баланың жас ерекшеліктерін ескерудің мәнін атап өтеді.

Халқымыздың сан ғасырлық тарихында жас балаға жан–жақты тәрбие берудің өзгеге ұқсамайтын ерекше талаптары қалыптасқан. Әсіресе бесіктен бастап мейірім–шапағатқа бөленген сәбидің ғұмыры адамға аса қажетті адалдық, имандылық, адамгершілік, қамқорлық, жомарттық сияқты рухани–моральдық нормалармен өрнектеліп, жаны ізгі, жүрегі таза, көңілі ақ боп өсуіне ықпал еткен. Осы идея, осы ой ұлы Абай шығармаларында бүкіл туындылары адам тәрбиелеу проблемаларына бағытталған, әсіресе, оның ішінде бала тәрбиесі ерекше орынға ие.

Ақын ең әуелі адамға бала не үшін керек?—деп сауал қояды да, оған өзі жауап бере отырып, ұрпақ тәрбиесіндегі халқымыздың бойынан көрініс беретін кейбір келеңсіздіктерді, әдістерді сынайды. Абай «жасөспірімдердің өсіп, жетілуі, олардың жүрегінде жалпы адамзатқа деген сүйіспеншіліктің қалыптасуына өскен ортасының ықпалын, қалғаны жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан», — деп түсіндіреді. Ұлы ғұламаны адамгершілік мәселелері қатты толғандырады. Ар, ұят, қайырымдылық, тағы басқа ұғымдардың мән — мағынасын талдап, поэзиясы мен қарасөздерінде дамытып отырады[5;286].

Сайып келгенде, оның поэзиясы мен прозасында «Адам бол!» жоғары этикалық идеалының жалпы адамгершілік принциптері құралады. Бұл, біріншіден еңбексүйгіштік, екіншіден, білімге, ақыл — ойға тырмысу, үшіншіден, қанағат ету, төртіншіден, ұяттылық, бесіншіден, өзін — өзі бақылау, өзін — өзі тәрбиелеу, өзін — өзі тәртіпке келтіру, өзін — өзі реттеу. Егер адамдардың ұяты болса, өлшем мен өз қажеттіліктерін білсе, өз — өздерін сынап, бақылай білсе, онда барлық жаман қасиеттерден құтылады және игі мінезді болады, — деп айқындайды Абай.

Абайдың «алтынмен апталып, күміспен күптелген» өлеңдерінің көркем сөздерінің әрекеттілігі, біздің көзқарасымыз бойынша, оның өте маңызды бір ерекшелігінде — терең психологиялық мазмұнында, Абайдың тек адам рухын ғана несе, сонымен қатар оның жанын да білуінде. Сондықтан да оның шығармалары кең қауымға түсінікті. Өзінің шығармаларында, өлеңдерінде, қара сөздерінде ағартушы адамдардың психологиялық сезіну ерекшеліктерін ерекше шеберлікпен ашады, адамдардың жеке — дара нақты мінездерін, ерекшеліктерін көрсетеді[5;306].

Абай Құнанбайұлы адам мінезі мен ерігінің моральдық — этикалық негіздеріне ерекше мән береді. Ол мақсатқа жету үшін, білімді меңгеріп, өзін — өзі ұстай білу үшін ерікті адамның қажетті моральдық қасиеті деп есептейді: «Адамның сырт келбеті сұлу, мінезі жұмсақ болуы мүмкін, бірақ егер де ол жатып ішер болса, еңбекті жақсы көрмесе, адамның сорақысы — сол, адам денесі күшті болуы мүмкін, бірақ ол жалқау болса, оның әлсіз болғаны».

Абай тек өзінің терең ізгі шығармашылығының объективті мазмұнымен ғана емес, сонымен қатар өзінің жеке тұлғалық ұстаздық ұстанымымен де, ізгілік пен гуманизмді насихаттаушы ретінде де, жастардың нағыз ұстазы және ұстаздардың ұстазы ретінде де адамгершілік тәрбиесін жүзеге асыруды жалғастыруда. Адамзат өмір сүретін бар уақытта да ол еш қиындықтарға қарамастан өзінің өсіп келе жатқан ұрпағын оқытып, тәрбиелей бермек. Және ұстаздыққа арналған Абай сөздері ерекше көкейкесті шығады және оны алға басуға және өз еңбегінің соңғы нәтижесіне сенуге шақырады.

Қорыта айтқанда, ақын, хакім, философ Абайдың туындылары ХХІ ғасырда Қазақстанның мәдениеті мен рухани дамуына білім мен ғылымның көкжиегінің көркеюіне мол үлесін қосатыны ақиқат.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті—Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы// Жамбыл—Тараз.Облыстық— қоғамдық саяси газет. 1ақпан 2017жыл. №5 (1345)
2. «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан». «EGEMEN QAZAQSTAN» газеті №5 (29734) 09 қаңтар, бейсенбі 2020 жыл
3. Абай, Шәкәрім, Мұхтарлардың тәлім—тәрбиелік идеяларының сабақтастығы және оларды педагогикалық үрдіске ендіру. Арнайы курс бағдарламасы. — Семей: СМПИ, 2012. — 36 б.
4. Құнанбаев А. Қара сөздері. — Алматы: Ғылым, 2019. — 60 б.
5. Мырзахметов М. Абай және шығыс., А., —2010